



Орал қаласы

город Уральск

Исх. № 23 от 13.09.2023, Вход № 3453 от 14.09.2023

**Батыс Қазақстан облысы әкімінің 2022 жылғы 29 наурыздағы №5  
«Батыс Қазақстан облысында грант алуға үміткер кәсіпкерлердің  
өтінімдерін іріктеу жөніндегі конкурстық комиссияны құру туралы»  
шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Құқықтық актілер туралы» Заңдарын басшылыққа ала отырып, сондай-ақ кейбір кадрлық өзгерістерге байланысты  
**ШЕШТІМ:**

1. Батыс Қазақстан облысы әкімінің 2022 жылғы 29 наурыздағы №5 «Батыс Қазақстан облысында грант алуға үміткер кәсіпкерлердің өтінімдерін іріктеу жөніндегі конкурстық комиссияны құру туралы» шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

аталған шешіммен құрылған Батыс Қазақстан облысында грант алуға үміткер кәсіпкерлердің өтінімдерін іріктеу жөніндегі конкурстық комиссияның құрамы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. «Батыс Қазақстан облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ.Айтмұхамбетовке жүктелсін.

**Н. Төреғалиев**

Батыс Қазақстан облысы әкімінің  
2023 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
№\_\_ шешіміне қосымша

Батыс Қазақстан облысы әкімінің  
2022 жылғы 29 наурыздағы  
№5 шешімімен құрылған

Батыс Қазақстан облысында грант алуға үміткер кәсіпкерлердің өтінімдерін  
іріктеу жөніндегі конкурстық комиссияның құрамы

- |                    |                                  |   |
|--------------------|----------------------------------|---|
| 1.                 | Лаврентьев<br>Борис Георгиевич   | «Ақжол» шағын және орта бизнесті қолдау қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің директоры, комиссия төрағасы (келісім бойынша);                |
| 2.                 | Тұрсынова<br>Ляна Алексеевна     | Батыс Қазақстан облысы іскер әйелдер кеңесінің төрағасы, комиссия төрағасының орынбасары (келісім бойынша);                                       |
| 3.                 | Искалиева<br>Мадина Жасланқызы   | Батыс Қазақстан облысы кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы кәсіпкерлік және сауда бөлімінің бас маманы, комиссия хатшысы. |
| Комиссия мүшелері: |                                  |   |
| 4.                 | Өтепбаев<br>Нұржан Сапаргелдіұлы | Батыс Қазақстан облысы кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасының басшысы;  |
| 5.                 | Досқазиева<br>Жанар Нұрлыбайқызы | Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің инновациялық жөніндегі проректоры (келісім бойынша);                      |
| 6.                 | Рамазанов<br>Асхат Маратұлы      | «Power Qazaqstan» жеке қорының директоры, бизнес жаттықтырушы (келісім бойынша);  |
| 7.                 | Батпақұлова<br>Гүлмира Асқарқызы | «Арба» тірек-қозғалыс аппаратының қызметі бұзылған мүгедек азаматтарды  |

8. Кухаев  
Біржан Амангелдіұлы
- Қолдау» қоғамдық бірлестігінің төрағасы  
(келісім бойынша);  
Батыс Қазақстан облысы Қоғамдық  
кеңесінің мүшесі (келісім бойынша).

**Подпись канцелярии**

13.09.2023 10:35 АХМЕТОВ НУРЛАН

**Подпись руководителя**

13.09.2023 16:22 ХАЙРУШЕВА СВЕТА



<b>Тип документа</b>	Входящий документ
<b>Номер и дата документа</b>	№ 3453 от 14.09.2023 г.
<b>Организация/отправитель</b>	УПРАВЛЕНИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА И ИНДУСТРИАЛЬНО-ИННОВАЦИОННОГО РАЗВИТИЯ ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
<b>Получатель (-и)</b>	АППАРАТ АКИМА ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-III «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.